



Әдістемелік кеңес туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

Осы Әдістемелік кеңес туралы Ереже (бұдан әрі - Ереже) «Балбөбек» балабақшасы КМҚК үшін ҚР –ның «Білім туралы» Заңына, (ҚР білім және ғылым министрінің 2007 жылғы 21 желтоқсанындағы №644 бұйрығымен бекітілген) Білім беру ұйымдарында әдістемелік кеңес қызметі және оны сайлау тәртібінің үлгі ережесіне, МДҰ Жарғысына сәйкес әзірленген.

Әдістемелік кеңес – әдістемелік жұмыстың, педагогикалық ұжымның зерттеу және тәжірибе жұмысының барысын басқарады, инновацияның оқу үрдісіне енуін қадағалайды.

Ереже әдістемелік қызметін регламенттейтін жергілікті акт болып табылады.

2. Әдістемелік кеңестің негізгі міндеттері

- 1) Оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз етудің сапа мониторингісін ұйымдастыру;
- 2) Мектепке дейінгі ұйымда шығарылатын оқу әдістемелік құралдарды және басқа да материалдарды басып шығаруды жоспарлауды, сараптаманы және ұсынымды ұйымдастыру;
- 3) Мектепке дейінгі ұйымдағы оқу үдерісін әдістемелік қамтамасыз ету және жетілдіру;
- 4) Оқу-әдістемелік жұмыстарды ұйымдастыру және жетілдіру жөніндегі озық тәжірибелерді қорыту және тарату;
- 5) Біліктілікті арттыру, педагогикалық және ғылыми кадрларды қайта даярлау және аттестаттау жүйесін жетілдіру, оқу үдерісінің мазмұнын талдау;
- 6) Мектепке дейінгі ұйымда әдістемелік жұмыстарды үйлестіру;
- 7) Мектепке дейінгі ұйымда білім беру үдерісінің жаңа және қолданыстағы технологиялар, әдістер, құралдар нысандарын енгізу және жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 8) Педагогикалық ұжымның ғылыми-әдістемелік әлеуетін жетілдіру жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру;
- 9) Мектепке дейінгі білім беруді дамыту және басым бағыттарды қалыптастыру және оны іске асыру мәселелері бойынша ұсыныстар әзірлеу.

3. Іс-әрекеттің мазмұны

3.1. Әдістемелік кеңестің жұмыс барысы мектепке дейінгі ұйымның мақсаты мен міндеттерімен айқындалады.

3.2. Мектепке дейінгі ұйымның педагогтарының шеберліктерінің өсуін.

3.3. Әдістемелік кеңестің жұмыс барысы оқу үдерісінің жаңартылуына бағытталған және мыналардың тұрады:

- Жаңашылдық іс-әрекетті жүзеге асыруға, бағалауға және әдіс-тәсілдерді құрастыруға;
- Педагогтердің шеберліктерін дамыту үшін жаңа бағдарламалар, жоспарлар құрастырады;

- Педагогикалық ұжым мүшелерінің жұмысын бағалау, аттестатталатын педагогтарға мінездеме беру, мақтау қағаздарына, марапаттауға ұсыну;
- Педагогтермен бірге конференция, педагогикалық оқылымдар, дөңгелек үстел, байқаулар, әдістемелік күндер өткізу, ұйымдастыру;
- Педагогикалық тәжірибеге әдістемелік нұсқаларды, бағдарламаларды енгізу, олардың баспа бетіне шығуына көмектесу;
- Шығармашылық және проблемалық топтардың жұмысын ұйымдастыру, жоспарлау;
- Жас мамандар мен тәлімгерлердің жұмысын бағыттау.

4. Қызметтің ұйымдастырылуы мен құылымы

- 4.1.Әдістемелік кеңестің мүшелері әдіскерлер, шығармашылық және проблемалық топтардың басқарушылары;
- 4.2.Әдістемелік кеңестің жұмысының жоспары мен құрылымы жыл басында директормен бекітіледі;
- 4.3.Әдістемелік кеңестің жұмысын басқаратын әдіскер.
- 4.4.Өз жұмысында әдістемелік кеңес мектепке дейінгі ұйымның педагогикалық кеңесіне бағынады.
- 4.5.Кеңесті өткізу. Кеңес отырысы жылына үш рет өткізіледі.
- 4.6.Әдістемелік кеңесті басқарушы жұмыстың ұйымдастырылуына және іске асуына жауапты;
- 4.7.Әдістемелік кеңестің басшысының міндеттері:
 - Әдістемелік кеңестің оқу жылына жоспары құрастырылып, әдістемелік кеңестің отырыстарын өткізеді және материалдарды жинайды;
 - Мектепке дейінгі ұйымның педагогтарымен әдістемелік жұмыстың бірнеше түрлерін өткізеді: конференция, семинар, дөңгелек үстел, байқаулар, әдістемелік күндер;
 - Жаңашыл педагогикалық технологиялардың балабақша ұжымының жұмысына енуін ұйымдастырады.
- 4.8.Әдістемелік кеңестің шешімі дауыс беру нәтижесінде қабылданады.

5. Әдістемелік кеңес мүшелерінің құқығы мен міндеттері

- 5.1.Әдістемелік кеңестің мүшелері құқылы:
 - Сұрақ бойынша өз ойын ашық айтуға және отырыста шешуші дауыс беруге;
 - Мектепке дейінгі ұйымның жұмыскерлері болмайтын кеңесшілер мен эксперттерді жұмысына тартуға.
- 5.2.Әдістемелік кеңестің мүшелері кеңестің отырысында қатысуы қажет, мектепке дейінгі ұйымның педагогтарына кеңестің және ақпараттық қызмет көрсетеді.

6. Құжаттандыру

- 6.1. Әдістемелік кеңес туралы Ереже;
- 6.2.Хаттамалар